

Хаттама № 1

Өткен күні: 27.08.2022

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарда 2022-2023 оқу жылы әдістемелік нұсқаулық хатпен және жылдық жоспармен таныстыру, білім беру процесін ұйымдастыру.
2. «Менің жетістіктерім және шеберлігім»
3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда оқытудың белсенді әдістері» баяндама.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай басшысы А.Кузенбаева сөз алып, ҚР мектепке дейінгі ұйымдарда 2022-2023 оқу жылы әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының » Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша өзгеріс туралы айтып түсіндірді. Жалпы өзгерістер бойынша білім беру процесін ұйымдастыруды талқылады. Күн тәртібіне жоспарға сай ұйымдастырылуы айтылды. 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспар таныстырылды. Педагогикалық ұжым өзара пікір алмасып ой бөлісті.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары «Менің жетістіктерім және шеберлігім» тақырыбы бойынша өз жұмыстарының есебін жасады. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыс жоспарлары, шығармашылықтары, шеберліктері жайлы айтып таныстырды. Ортаңғы топ тәрбиешісі М.Пирназарова өткен оқу жылында өткізген жұмыстарының есебін слайд арқылы жасап көрсетті. Жаңа оқу жылында жаңа тақырып бойынша жұмыс жүргізу жоспарын таныстырды. С.Сарыбаева, А.Кемелбекова, Г.Орынбаева өз тақырыптары бойынша слайд жоспарларын көрсетті. Педагогтар пікір алмасып ой бөлісті. Шығармашылық тақырып бойынша ұсыныстар айтылып толықтырулар енгізу керектігі айтылды.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша әдіскер Ж.Нуралиева «Мектепке дейінгі ұйымдарда оқытудың белсенді әдістері» тақырыбында баяндама оқыды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады.

-ойын арқылы оқыту

-түрлі балалар әрекетін кіріктіру арқылы балаларды дамыту

Ойын, қимыл, танымдық шығармашылық зерттеу, еңбек эксперимент балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету. Сондай-ақ топтарда дамытушы бұрыштардың жасакталуы, толықтырылуына ата-аналарды тарту. Балаларға өз білімін құрастырушы ретінде қарым-қатынас жасау керектігі айтылды. Баланың жеке басын құрметтеу, баланы дамыту мақсатында күтім жасау. Балалардың дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғасын дамыту.

Педагогикалық процесті ұйымдастыру:

-Перспективалық жоспар

-Циклограмма

-Бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылатынын айтты.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру жоспарлары таныстырылды деп есептелінсін. Жаңа оқу жылына арналған жоспарлар бекітілсін.
2. «Менің жетістіктерім және шеберлігім» тақырыбындағы слайд жоспарларға толықтырулар енгізілсін.
3. Баяндамада келтірілген міндеттемелер бойынша жұмыс жүргізу қолға алынсын.



А.Т.Кузенбаева

Ж.К.Нуралиева

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген



Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің

«Ақарыс» бөбекжайы МКҚК

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 2

Өткен күні: 28.11.2022

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту.
3. Ертеңгілікті өткізу шарттары,оны ұйымдастыру

Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай басшысы А.Кузенбаева сөз алып,өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына талдау жасады. 2022-2023 оқу жылының жоспарына сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жұмыстың жүргізілуі бойынша бақылау көрсеткішін айтып өтті.Тәрбиешілердің шеберлік жұмыстары,әдістемелік кеңестерді,әдіс-тәсілдерді дұрыс уактылы орындауы,қолдануы,түзету толықтыру еңгізулері бойынша жұмыс барысы талқыланды.

Тыңдалды: Келсі мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева сөз алып,дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту тақырыбында нұсқау беріп тәжірибе бөлісті.Ортаңғы және ересек топта дамытушы бұрыштарын дайындауды ұсынды.Дамытушы орта заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін,балалардың бастамасын қолдану үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта екенін түсіндірді.Сондай-ақ ертегі кейіпкерлері,жұмсақ ойыншықтармен балалар еркін ойнайтынын,саусақ моторикасын арттыруға арналған ойын құралдарын жиі пайдалануды айтып өтті.Топтарда кітап бұрыштарын толықтыруды ұсынды.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша бөбекжай саз жетекшісі Г.Утегенова сөз алып ,балалармен ертеңгілік іс-шара өткізу мен ұйымдастыру туралы түсіндірме жасады.Іс-шара барысында балалар өнер көрсетіп,яғни ән айтып би билеуден бөлек әр түрлі тақырыпқа сай ойындар ұйымдастыру қажет. Ойынға қатысқан балалар өздерін еркін ұстап ертеңгілікке қызығушылықтары артады.Ертеңгілікке дайындық жүргізу барысында баланы жалықтырмас үшін балаға нақты мақсатқа жетуге өзін көрсетуге дайындау қажет.Балалардың жетістігі өнер көрсетіп барынша өзін ашық ұстап ертеңгілікке қатысуы ата-анасын жақындарын қуантатынын түсіндіру керек екен айтты.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуының қортындысы жасалды.
2. Бөбекжай топтарында дамытушы бұрыштардың жасалуына толықтырулар жүргізілсін.
3. Ертеңгіліктер ұйымдастыру барысында балалардың қызығушылықтарын арттыру қолға алынсын.



А.Т.Кузенбаева

Ж.К.Нуралиева

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген

Бөбекжай
тәрбиешісі:

Г. Кузенобаева



Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің

«Ақарыс» бөбекжайы МКҚК

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 3

Өткен күні: 31.01.2023

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Қатысу және балалардың физикалық даму динамикасы.
3. Балалардың жасына сәйкес біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша аралық бақылау мониторинг нәтижелері.
4. Педагогикалық үрдісті бақылау және сараптау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай басшысы А.Кузенбаева , №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Топтарда дамытушы бұрыштар жасақталынуы іске асырылып толықтырылуда. Ертеңгілік өткізу шарттары да сақталынып,қызықты деңгейде ұйымдастырылды.Жалпы өткен педкеңес шешімдері қанағаттанарлық деңгейде орындалды деп бағаланды.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып балалардың қатысу мен физикалық дамуына талдау жасады. Бөбекжайда балалардың қатысу деңгейі бірқалыпты. Ата-ананың өтініші бойынша баланың денсаулығына байланысты кейбір балалар демалуға,қыдыруға байланысты себептер тіркелді.Балалардың физикалық дамуы жаңа оқу жылындағы мен салыстырғанда біршама өсу өзгерістері бар.Жалпы тоқсан сайын балалардың бой салмағы даму деңгейі бақыланады.

Тыңдалды:Үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева жалғастырды. Аралық мониторинг 2023 жылдың қаңтар айында 2 топта жүргізілді. Оның ішінде 1 ортаңғы топ, 1 ересек топ .Бала саны – 60. Мониторинг жана стандартқа сайкес Excel-форматта берілген, кесте бойынша толтырылғанын айтып өтті.Осы топтардың жиынтық есебінің пайыздық қорытындысы қанағат-танарлық екенін айтты. Жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары ақпан -сәуір айларында жүзеге асырылып, циклограммаға енгізілу жоспарлау керек екенін ескертті.Бұл мониторинг педагогтердің бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша бөбекжай басшысы А.Кузенбева сөз алып педагогикалық үрдісті бақылау және сараптау жұмысының қортындысын жасады. Сараптау нәтижесі қанағаттанарлық деңгейде екенін айтты. Дегенмен педагогикалық ұжым жаңа стандартқа сәйкес педагогикалық үрдісті ұйымдастыруды жалғастыру керек. Тәрбиеші де, тәрбиеленуші де әлі де бейімделу керек екенін айтып өтті. Ойынға қажет көрнекі құралдарды үнемі толықтыру керектігі айтылды. Педагог-баланың үлгі тұтатын ұстазы тұлғасына айналу керектігі айтылды.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуының қортындысы жасалды.
2. Балалардың физикалық дамуын арттыруға арналған ойын жаттығулар өткізу жалғастырылсын.
3. Аралық мониторинг қортындысы жасалынды деп есептелінсін. Жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары жүргізілсін.
4. Педагогикалық үрдісті жаңарту, бейімделу, тәжірибені арттыру жұмыстары жалғастырылсын.



А.Т.Кузенбаева

Ж.К.Нуралиева

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген

Бөбекжай
тәңіршісі:

Г.Кузенобаева



Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің

«Ақарыс» бөбекжайы МКҚК

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 4

Өткен күні: 30.05.2023

Қатыскандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Балалардың білім деңгейлерін бақылау қортынды мониторингі.
2. Бөбекжайдың жылдық есебі.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының іс-шаралары туралы.

Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева:қортынды мониторингке мәлімдеме жасады.Балалардың жасына сәйкес білікті ері мен дағдыларының дамуы бойынша бақылау парақтары толтырылып,нәтижесінде жиынтық пайыз шығарылды.Топтардың жиынтық есебінің пайыздық қорытындысы қанағаттанарлық екенін айтты. Бұл мониторинг педагогтердің бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.Ересек топта 21-жоғары,8-орташа,1-төмен деңгейде болса,ортаңғы топта 18-жоғары,9-орташа,3-төмен деңгейді көрсетті.

Тыңдалды:Келесі мәселе бойынша бөбекжай басшысы А.Кузенбаева сөз алып,педагогикалық ұжымның бір жылдық жұмысына талдау жасады. Жалпы педагогикалық ұжым 2022-2023 оқу жылының мақсат міндеттерін «қанағаттанарлық»деңгейде орындады деп бағалады.Стандартқа сәйкес оқу-тәрбие жұмыстары талапқа сай жүргізілді.Өз-өзін жетілдіру, кәсіби білімдерін арттыру бойынша С.Сарыбаева,Г.Орынбаева,А.Кемелбекова, Г.Утегенова «Өрлеу»біліктілікті арттыру курсынан өтіп сертификат алды.Тәрбиеші С.Сарыбаева педагог-сарапшы санатына өтініш тастап,тесттен 26 балл жинап,сараптамалық комиссияның шешіміне сәйкес педагог-модератор санатына ұсынылды.Бөбекжай басшысы басшы-ұйымдастырушы санатына портфолио тапсырды . Қортындылай келе педагогикалық ұжымның бір жылдық жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланды.

Тыңдалды:Үшінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары , жазғы сауықтыру жұмыстарының іс-шаралар жоспарымен талқылады. Тәрбиешілер жаз мезгіліне арналған оқу –тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы бойынша талдау жасап ой бөлісті.Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес циклограмма бекітіліп толтырылуы тиіс екені айтылды.Түрлі іс-шаралар

ұйымдастыру барысында қауіпсіздік ережелері қатаң сақталынуы ескертілді. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарға сай орындалуы бақылауда болатынын айтты.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Балалардың білім деңгейлерін бақылау мониторингінің қортындысы жасалды деп есептелінсін.
2. Педагогикалық ұжымның біржылдық жұмысына талдау жасалып есеп берілді деп есептелінсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сай орындалып жүзеге асырылсын



А.Т.Кузенбаева
Ж.К.Нуралиева

2 парак

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген

Бөбекжай
енгерушісі:

Т. Кузенбаева

